

**«Қарқаралы қаласының Мәди Бәпиұлы атындағы  
№44 ЖББ тірек мектеп (ро) жанындағы интернаты» КММ-де  
2024-2025 оқу жылында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу  
бойынша» өткізілген іс-шаралар жоспарының талдауы**

2024-2025 оқу жылында мектебімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы. Оқу-білім үрдісінде оқушылар мен оқытушылар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою мақсатында «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша» жұмыс жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Жауапты тұлғалар бекітілді. Мектеп директоры сыбайлас жемқорлық көріністері және құқық бұзушылықтар мәселелері бойынша мекеме әкімшілігінің ата-аналарды, қызметкерлерді жеке қабылдауын жүзеге асыру мақсатында жыл бойына қабылдау жүргізеді. Алдағы оқу жылына сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссияның құрамын қалыптастыру мақсатында отырыстар жоспарланып отыр.

Мектептің 2-қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «сенім жәшігі» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп әкімшілігі және мектеп инспекторының қатысуымен алынып, жұмыс жүрізіліп, қаралады. Сонымен қатар, сенім телефондары жазылып, көрсетілген.






Адал ұрпақ тәрбиелеу-қай уақытта болса да өз маңыздылығын жоғалтпаған мәселе.

Халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу-барлығымыздың борышымыз. Болашақ ұрпағымызға тек тәрбие мен білім берумен шектеліп қана қоймай, адал еңбекқорлыққа да үйретуіміз керек. Адал еңбекқорлық-еліне адал қызмет ету және сыбайластық іс – әрекеттерден аулақ болудан тұрады. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін мектеп қабырғасынан бастап тәрбиені осы бағытта беру маңызды.

Бала мінезі, азаматтық көзқарасы ата-ана, орта, мектеп тәрбиесі арқылы қалыптасады. Рас, сәби ақ қағаздай болып дүниеге келмек. Қағазға шимайды қалай салсаң, солай түседі. Бала тәрбиесі де осыған ұқсас. Бүгінде білім беру мекемелері осы қағиданы ескеріп, оқушылар бойында әділдік, адалдық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында жаңа жобалар жүргізуде. Осындай жобалардың бірі-ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, жергілікті әкімдіктердің қолдауымен мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа «Мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру аясында республика мектептерінде «Адал ұрпақ» еріктілер клубы» жобасы жұмысын бастаған болатын. Осы жоба аясында М.Бәпиұлы атындағы №44 жалпы орта білім беретін мектебінде 2024-2025 оқу жылында да «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы өз жұмысын жалғастырды. Қазіргі таңда бұл клуб мектеп оқушылары арасында нәтижелі жұмыстар атқарып келеді. Оқушыларымыздың арасында «Адал Ұрпақ» клубының жұмысына қызығушылық танытып, мүше болуға сұраныс білдірген оқушыларымыздың саны күннен-күнге артып келе жатқаны қуантарлық жағдай. Қазан айында осы «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерімен сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жазалау туралы Қылмыстық кодекстің баптарымен таныстыру мақсатында отырыс өткізілді. Алдағы оқу жоспарында іс-шаралар орындалысы жанданып, жалғасын табады.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:  Ж.Т.Искакова